Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

«Бекітемін»
академиялық мәселелер және
жаңа технологиялар жөніндегі
проректор
_____Р.О. Бұғыбаева
«_20_»_05_____2020 жыл

Курстық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар
ҚҚЭУ-ӘН-118-2020

Қарағанды 2020

1.Курстық жұмыстың жалпы ережелері

Курстық жұмыс білім беру бағдарламасымен қарастырылған, жазбаша жұмыстар санына кіреді және студенттерді оқытудың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Курстық жұмыстың орындалуы – курстың жеке пәндерін зерделеудің аяқталу кезеңі деп саналады.

Курстық жұмыстың мақсаты: базалық және арнайы пәндер бойынша студенттердің теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, талдамалық дағдыларын дамыту, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізу элементтерін меңгеру, практикалық ахуалдарды зерттеу, өз ойларын жазбаша түрде қисынды, дұрыс айқын және қысқаша баяндай білу.

Оқитын мамандық саласының жетекші оқытушыларының жетекшілігімен студенттердің орындаған курстық жұмысы нормативтік және ақпараттық көздерді, іргелі ғылыми әдебиетті, әдістемелік әдебиетті, мерзімді басылымдардағы мақалаларды зерделеуді білдіреді..

Студент орындаған курстық жұмысының сапасы оның арнайы теориялық дайындығы деңгейінің айғағы болады.

Курстық жұмысын орындаудың негізгі міндеттері:

1. Жұмыс тақырыбының теория мен практикадағы өзектілігі мен маңыздылығын негіздеу.
2. Қарастыруға алынған мәселені ғылым мен қазіргі заманғы тұжырымдама тұрғысынан теориялық зерттеу.
3. Өткізілген зерттеулердің нәтижесінде алынған материалдарға жалпы қорытынды жасап, ғылыми және әдістемелік көздерді өздігінен талдау.
4. Арнайы әдебиеттермен өздігінен жұмыс жасау, көздерге сілтеме жасап, олардың мәтінінен сөзбе-сөз үзінді алу (цитат келтіру) дағдыларын қалыптастыру, өз ойларын қисынды түрде, айқын және дұрыс жеткізу, есептерді қорытындылау, кестелерді, диаграммаларды сызу біліктеріне ие болу.

Курстық жұмысты студент өзі жазуға тиісті. Егер курстық жұмыстың тақырыбы жақсы, дұрыс ашылып, қорытындылары жаңалыққа ие болса, жетекші оны жыл сайынғы студенттік ғылыми конференцияға ғылыми баяндама ретінде және болашақ дипломдық жобаның негізі ретінде ұсынады.

2. Курстық жұмысын таңдау және бекіту

Курстық жұмысын даярлау бойынша жұмыс тақырыпты таңдаудан басталады. Қарастырылатын мәселелердің өзектілігі мен маңыздылығын ескере отырып, курстық жұмыстар тақырыптарының шамамен алынған тізбесі мен студенттің тақырыпты таңдау тәртібін әр кафедра өздігінен анықтайды. Студент шамамен алынған тізбеде көрсетілмеген, бірақ өзекті болып саналатын және зерделейтін пәннің мазмұнына сәйкес келетін тақырыпты өздігінен алуы мүмкін. Тақырып кафедраның меңгерушісімен келісілуі тиіс.

Курстық жұмыс тақырыбы студенттің өтініші негізінде бекітіледі (А қосымшасы), бұл ретте студент плагиатқа тексеруден өту рәсімімен танысуға тиісті.

3. Ақпарат көздерін іріктеп алу және зерделеу

Студенттің әдебиетті іріктеп таңдауы мен жұмыс жоспарын өздігінен жасауы тақырыпты таңдаумен байланысты.

Ең алдымен, материал толық және айқын түрде баяндалатын оқу әдебиеті (оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) бойынша тақырыптың сұрақтарын зерделеу қажет, сонан соң нормативтік актілерді, арнайы құқықтық және экономикалық әдебиеттерді пайдалана отыра, таңдалған тақырыпты терең зерделеуге көшу керек.

Дерек көздерін зерделегеннен кейін студент курстық жұмысының жоспарын, қойылған сұрақтарға жауаптарын терең ойластыруға тиісті.

4. Курстық жұмысын даярлауға ғылыми жетекшілік

Курстық жұмысын жазу барысында жалпы әдістемелік нұсқаулармен бірге студент таңдаған жұмыс тақырыбының мазмұнына және оны ресімдеу талаптарына қатысты курстық жұмыс жетекшісінің нұсқауларын пайдалану қажет. Жетекшінің талаптарын орындау студент үшін міндетті.

Кейбір сұрақтарды зерделеумен байланысты қиындықтар пайда болған жағдайда студент курстық жұмыстың жетекшісіне сүйенеді.

Курстық жұмыс студенттің таңдаған тақырыбы бойынша өздік жұмысының қорытындыларын жасау болып табылады. Жұмыс онда қойылған мақсаты мен міндеттерін толық ашуға тиісті.

5.Курстық жұмыстың мазмұны мен ресімдеуіне қойылатын негізгі талаптар

5.1 Курстық жұмысының құрылымы

Курстық жұмысының құрылымдық элементтері:

- Бірінші беті; (Б қосымшасы);
- Мазмұны; (В қосымшасы);
- Кіріспе;
- Негізгі бөлім;
- Қорытынды;
- Пайдаланған әдебиет тізімі (Г қосымшасы);
- Қосымшалар.

Бірінші беті.

Бірінші бет жұмыстың бірінші парағы, ол құжатты өңдеу және іздеу үшін қажет ақпарат көзі болып табылады. Бірінші бетте келесі мәліметтер келтіріледі:

- университеттің атауы;
- курстық жұмыс орындалған кафедраның атауы;

-курстық жұмыс сол бойынша орындалатын пәннің атауы;

-«Тақырыбы» көрсетілген курстық жұмыс тақырыбының атауы;

-сол жағында «Орындады» деген жазу, оған қарама-қарсы оң жағында студенттің аты, жөні, тегі көрсетіледі;

- бір жол төмен «ғылыми жетекші» деп жазылып, оның аты, жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы көрсетіледі;

-қала, жыл.

Бірінші бет курстық жұмыс беттерінің жалпы нөмірленуіне кіреді, бірақ бірінші беттің нөмірі қойылмайды.

Курстық жұмысын жазу барысында студент оның әр бөлігінің келесі шамалы мазмұнына сүйенуі қажет.

Мазмұны. Курстық жұмыстың мазмұнына кіріспе, барлық тараулар мен параграфтардың реттік нөмірлері мен атаулары, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардың атаулары кіреді.

Кіріспе. Онда курстық жұмыс тақырыбының маңыздылығы негізделіп, жұмыстың мақсаты ашылып, курстық жұмыстың тақырыбын ашу үшін негізгі міндеттер тұжырымдалады.

Негізгі бөлім. Негізгі бөлім 2-3 тараулардан тұрады, олар, өз кезегінде, 2-3 параграфқа бөлінуі мүмкін. Тарауларда автор осы тақырыптың теориялық және практикалық аспектілерін ашып, нақты және негізделген статистикалық және сандық материалдарды береді. Мәтін бойынша ақпарат көздеріне сілтемелер болуға тиісті. Курстық жұмысының негізгі бөлімінің мазмұны мамандықтың ерекшеліктерімен анықталады.

Қорытындыда зерттеу нәтижесінде жасалған теориялық және практикалық қорытындылар мен енгізілген ұсыныстар талданып, қорытынды жасалған. Олар мазмұны туралы толық түсінік беретін қысқа және айқын болуға тиісті.

Зерттелетін сұрақты жетілдіру бойынша жұмыстың авторы енгізген ұсыныстар ерекше мақұлданады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі. Бұл тізім «Қорытынды» деген тараудан кейін курстық жұмыстың соңында келтіріледі (Г қосымшасы).

Көрсетілген тізімге студенттер зерделеген және курстық жұмыста пайдаланған дереккөздер енгізіледі.

Ақпарат көздері курстық жұмыста оларды пайдалану дәйектілігіне сәйкес тізімде көрсетілуге тиісті.

Қосымшалар. Қосымшаға негізгі бөлімде көрініс таппаған, бірақ курстық жұмысын орындауымен байланысты материалдар енгізіледі.

Курстық жұмыста пайдаланған барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін студент – курстық жұмыстың авторы жауапты.

5.2 Курстық жұмыс мәтінін рәсімдеу ережелері. Жалпы талаптар

Курстық жұмыс компьютер мен принтерді пайдалануымен А4 форматты ақ қағаздың бір жағында, бір интервал арқылы басылады. Шрифт –

әдеттегі, кегль – 14.

Курстық жұмыстың мәтінін басу барысында шетіндегі бос қалдырылған орындардың(полялардың) келесі өлшемдерін сақтаған дұрыс: оң жағы – 10 мм., үсті – 20мм., сол жағы – 30мм., төменгі жағы – 25мм.

Әр тарауды жаңа беттен бастау керек. Егер параграфтар бар болса, оларды жеткілікті орын болған жағдайда, толық бітпеген беттің бос жерінде басуға болады.

Тарау мен параграф араларындағы аралық мәтіннен бір жол шегіністі құрау керек; мәтін мен параграфтың атауы араларындағы аралық мәтіннен екі жол шегіністі құрауға тиісті; алдағы параграф мәтінінің аяғы мен келесі параграфтың атауы арасындағы аралық мәтіннен әрі екі жол шегіністі құрауға тиісті.

Басылған мәтін мен кестелерді, суреттерді ресімдеу сапасы олардың анық көріну талабына сай болуға тиісті.

Курстық жұмысын орындау барысында барлық мәтін бойынша бейнелеудің біркелкі тығыздығы, айқындығы сақталуы керек.

Курстық жұмыстың құрылымы.

Курстық жұмыстың құрылымдық элементтерінің атаулары «Мазмұн», «Кіріспе», тараулардың атаулары, «Қорытынды», «Пайдаланған әдебиеттің тізімі» курстық жұмыстың құрылымдық элементтерінің аты болып, үлкен әріптермен, абзац (азат жол) шегінісінен кейін жазылады.

Жұмыстың негізгі бөлігін мамандық пен пәннің ерекшеліктеріне байланысты тарауларға, параграфтарға, пункттерге бөлу ұсынылады.

Тараулар мен параграфтардың аттары олардың мазмұнын айқын және қысқаша көрсетуге тиісті.

Параграфтардың атауларын абзац (азат жол) шегінісінен кейін бас әріппен соңына нүкте қоймай, сызбай басу керек.

Курстық жұмыстың беттерін нөмірлеу.

Барлық мәтін бойынша толассыз нөмірлеуін сақтай отыра, курстық жұмысты араб цифрларымен нөмірлеу керек. Беттің нөмірін парақтың төменгі бөлігінің ортасында нүктесіз қояды.

Бірінші бет, «Мазмұн» беттердің жалпы нөмірлеуіне енгізіледі. Бірінші бетте, «Мазмұнда» беттің нөмірі қойылмайды. «3» цифры «Кіріспенің» бетіне қойылады.

Бірнеше парақтарда орналасқан суреттер мен кестелер курстық жұмыс беттерінің жалпы нөмірлеуіне кіреді (немесе оларды – «Қосымшаларға» апарады). Егер суреттері мен кестелері бар материал 2 немесе одан да көп беттерде орналасса, оны «Қосымшаларға» апарады.

Тараулар мен параграфтарды нөмірлеу.

Курстық жұмыстың тараулары нүктесіз араб цифрларымен белгіленген және абзац (азат жол) шегінісінен кейін жазылған реттік нөмірлерге ие болуға тиісті. Параграфтар әр тараудың шектерінде нөмірленуге тиісті. Параграфтың нөмірі нүктемен бөлінген тарау мен параграфтың нөмірлерінен

тұрады. Параграф нөмірінің соңында нүкте қойылмайды.

Суреттер мен кестелер.

Курстық жұмыстағы суреттерді (сызбалар, карталар, графиктер, диаграммалар, фотосуреттер) және кестелерді олар туралы бірінші рет жазылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастыру керек.

Курстық жұмыстағы барлық суреттер мен кестелерге сілтеме болуға тиісті.Суреттер мен кестелерді араб цифрларымен толассыз нөмірленуімен нөмірлеу керек.

Суреттің немесе кестенің атауы оның мазмұнын көрсетіп, дәл және қысқа болуға тиісті.

Пайдаланған әдебиеттің тізімі мен сілтемелер.

Дереккөздер туралы мәліметтерді курстық жұмыстың мәтінінде дереккөздерге сілтеме пайда болу тәртібінде орналастырып, нүктесіз араб цифрлармен нөмірлеп, абзац (азат жол) шегінісінен кейін басу керек.

Сілтемелер тұтастай алғандағы құжатқа немесе оның тарауларына және қосымшаларға жасалады. Стандарттар мен техникалық жағдайларға сілтеме жасағанда, тек қана олардың белгіленуін көрсетеді, бұның барысында пайдаланған көздер тізімінде стандарттың толық сипаттамасы болса, олар бекітілген жылын жазбауға да болады.

Пайдаланған дереккөздерге мәтіндегі сілтемелер квадрат жақшаларға алынады. Мысалы, [2, 17б.].

Ақпаратты нормативтік – құқықтық актілер мен газеттерден пайдалану барысында квадрат жақшаларда көздің тек қана нөмірін көрсетуге болады, мысалы, [7]. Нормативтік актілерді пайдалану барысында пайдаланған әдебиеттер тізімінде актінің толық атауын, оны қабылдаған уақыты мен нөмірін көрсету керек.

Қосымшалар.

Қосымшалар осы курстық жұмыстың жалғасы ретінде оның келесі парақтарында ресімделеді. Жұмыс мәтінінде барлық қосымшаларға сілтемелер болуға тиісті. Қосымшаларды курстық жұмыстың мәтінінде оларға сілтеме жасау тәртібінде орналастырады.

Әр қосымшаны жаңа беттен бастап, парақтың үстінгі ортасында «Қосымша» деген сөзді және курстық жұмысын жазу тіліне сәйкес оның белгіленуін көрсетеді, мысалы, А қосымшасы.

6. Курстық жұмыстың ақырғы нұсқасын ресімдеу

Курстық жұмыстың ақырғы нұсқасы компьютерде немесе машинкада басылуға тиісті.

Суреті бар курстық жұмыстың көлемі қағаздың стандарттық парағының 25-30 бетін құрауға тиісті (оған қосымшаларды ескеруінсіз).

Мәтінде абзацтар (азат жолдар) айқын көрінуге және абзацтағы қызыл жол шегінісі 1 см. құрауға тиісті.

Курстық жұмыстың жетекшісі оған пікір жазады. Бұл қорғауға рұқсаты

бар белгісімен курстық жұмысты бақылау тексерудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан пікір беруші:

- жұмыс оның ресімдеуіне қойылатын талаптарға сәйкес келе ме;
- студент қажетті нормативтік актілер мен арнайы әдебиеттің зерттеуін өткізді ме;
-жұмыстың тақырыбы ашылды ма;
-жұмыстың оң жақтары мен кемшіліктерін көрсетуі тиіс..

7. Курстық жұмысын қорғау

Курстық жұмыстың қорғалуын құрамында кем дегенде 3 мүшесі бар комиссия өткізеді. Комиссия құрамына: курстық жұмыстың жетекшісі және кафедра меңгерушісінің шешімімен оқытушылар тізіміне енгізілген, курстық жұмыстың қорғауын қабылдауға құқығы бар кафедраның оқытушылары кіреді. Курстық жұмыстың қорғауы көпбалды әріптік жүйе бойынша бағаланады.

Курстық жұмыстың бағасына: тақырыпты ашу дәрежесі, ғылыми әдебиетті және қажетті нормативтік актілерді пайдалану, практикалық ахуалдарды зерттеу, баяндау стилі және жұмысты жазудың шығармашылық тәсілдемесі, қорытындылардың дұрыстығы мен дәлелділігі, жұмысты ресімдеу ұқыптылығы, курстың тақырыбына қатысты комиссия мүшелерінің сұрақтарына студент жауаптарының дәлелділігі сияқты критерийлер әсер етеді.

АДД директорының
орынбасары С.Б. Глазунова

А қосымшасы

Экономикалық қатынастарды
құқықтық реттеу
кафедрасының меңгерушісі
з.ғ.к., профессор
Весельская Н.Р.
БҚФ Ю-22 студенті
Петрова Алина Викторовнадан

Өтініш

«Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы» пәні бойынша «Мұрагерлікті құқықтық реттеу» №15 курстық жұмысын менің атыма бекітуіңізді сұраймын.

Мен, ҚҚЭУ-де қолданылатын, соған сәйкес плагиатты анықтау жазбаша жұмысты қорғауға жібермеу және ҚҚЭУ-ден оқудан шығаруға дейін тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болып табылатын, «ҚҚЭУ-дегі антиплагиат» жүйесінің жұмыс істеуі және жазбаша жұмыстарды орындаудың дербестігін қамтамасыз ету туралы» Ережемен таныстым.

Қолы:
Күні, айы, жылы:

Б қосымшасы

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті
Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасы

«Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы» пәні бойынша
«Мұрагерлікті құқықтық реттеу» тақырыбына

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Орындаған
БҚФ Ю- 22 тобының
студенті: Хамитов А.И.

Ғылыми жетекшісі Иванова Е.Т.
э.ғ.к., аға оқытушы:

Қарағанды 2020

В қосымшасы

Мазмұны

КІРІСПЕ

1 МҰРАГЕРЛІК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР..... 4
1.1 Мұрагерліктің субъектілері мен объектілері.....…….....4
1.2 Мұраны ашу уақыты мен орны 8

2 МҰРАГЕРЛІКТІҢ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ..... 12
2.1 Өсиет бойынша мұрагерлік 12
2.2 Заң бойынша мұрагерлік..... ……..... 16

3 МҰРАГЕРЛІКТІ АЛУ, ИЕЛЕНУ .....……..... 20

ҚОРЫТЫНДЫ..... 23

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... ....……..... 24

А ҚОСЫМШАСЫ – Өсиет үлгісі..... 25

Г қосымшасы

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы

2 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлімі) 1999ж. 01 шілде №409-1

3 Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы 1996 ж. 10.06 №6-1

4 Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының 1992ж.18.12. қабылданған «Мұрагерлік туралы заңды соттардың қолдануының кейбір сұрақтары туралы» №7 нормативтік қаулысы

5 «Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы» - ЖОО-ларға арналған оқулық. Жауапты редактор М.Қ.Сүлейменов, Ю.Г.Басин Алматы - 2001

6 Рашидова З. «Өсиет бойынша мұрагерлік» Алматы//Кәсіпкер және құқық, 2008, №1

7 Пономарева В.П. «Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы». Оқу-практикалық құрал. Қарағанды: ҚҚЭУ-2004

8 Данилов Е.П. Заң бойынша, өсиет бойынша мұрагерлік //www.zakon.kz

9 Қазақстан Республикасының Әділет Министрінің 1998ж.28.07. шыққан «Қазақстан Республикасында нотариустармен нотариалдық әрекеттерді жасау тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» №539 бұйрығы.